

"Жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеу және пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 1641 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1659 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 624 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 624 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеу және пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 1641 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 12, 225-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидалары бекітілсін»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеу және пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы

радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасының радиожиілік спектрін пайдаланудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қаңтардағы № 19 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 3-4 , 9 - қ ұ ж а т) ;

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 маусымдағы № 613 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 20-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж. , № 39 , 342 - қ ұ ж а т) .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>С. Ахметов</i>
Қазақстан Республикасы	
Үкіметінің	
2012 жылғы	21 желтоқсандағы
№ 1659 қаулысына	
қосымша	
Қазақстан Республикасы	
Үкіметінің	
2011 жылғы	29 желтоқсандағы
№ 1641 қаулысымен	
бекітілген	

Жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Жиілік белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарды) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану , сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың

электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар (бұдан әрі – РЭҚ) мен жоғары жиілікті құрылғыларды (бұдан әрі – ЖЖҚ) пайдалану, сондай-ақ РЭҚ-ның электромагниттік үйлесімділігін (бұдан әрі – ЭМУ) есептеуді жүргізудің жалпы тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалардың талаптары байланыс қызметін көрсететін және (немесе) өндірістік қызметте РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ пайдаланатын барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

Қағидаларда Халықаралық электр байланысы одағының 1988 жылғы 9 желтоқсандағы Радиобайланыс регламентінің (International Telecommunication Union, ITU, Мельбурн) ережелері және Қазақстан Республикасының радиожііліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының ұсыныстары ескерілді.

О с ы Қ а ғ и д а л а р :

1) осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген тізбеге сәйкес РЭҚ пен ЖЖҚ-ға ;

2) Қазақстан Республикасының радиожііліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының ұсынымдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі радиожіілікпен қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың РЭҚ пен ЖЖҚ-ға қолданылмайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) абоненттік құрылғы – абонент берген ақпаратты тарату немесе қабылдау үшін электр байланысы сигналдарын қалыптастыратын және байланыс операторының желісіне қосылатын жеке пайдаланылатын байланыс құралы;

2) РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ иесі – осы құралдар немесе құрылғылар меншігінде, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не болмаса өзге заңды негізде (жалға алу, өтеусіз пайдалану) болатын заңды немесе жеке тұлға ;

3) жоғары жиілікті құрылғы (ЖЖҚ) – телекоммуникация саласында пайдалануды қоспағанда, электромагниттік энергияны өнеркәсіптік, ғылыми, медициналық, тұрмыстық немесе басқа мақсаттарда шоғырландыруға және пайдалануға арналған жабдық және (немесе) аспаптар;

4) өтініш беруші – жеке немесе заңды тұлға РЭҚ және (немесе) ЖЖҚ иесінің өкілі, не оның сенім білдірілген тұлғасы;

5) радиожіілік спектрін пайдаланушы – жиіліктер белдеуі немесе радиожіілік (радиожіілік арнасы) берілген (тағайындалған) жеке немесе заңды тұлға ;

б) радиожіілік немесе радиожіілік арнасын иелікке беру – тиісті радиожіілік

органы радиожилік спектрін пайдаланушыға беретін радиожилік спектрін пайдалануға арналған рұқсат, ол осы рұқсатта көрсетілген жиліктер жолағын, радиоэлектронды құралды қолданумен радиожилікті (радиожилік арнасын) п а й д а л а н у ғ а а р н а л а д ы ;

7) жылжымалы радиоэлектрондық құрал – географиялық координаталарға тұрақты байланыстырылмаған радиоэлектрондық құрал;

8) радиожилік спектрі (РЖС) – 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі ауқымдағы радиожиліктердің белгілі бір жиынтығы;

9) радиоэлектрондық құрал (РЭҚ) – көмекші жабдықты қоса алғанда, радиотолқындарды таратуға және (немесе) қабылдауға арналған және бір немесе бірнеше таратушы және (немесе) қабылдаушы құрылғылардан не олардың құрамаларынан құралатын техникалық құрал;

10) электромагнитті үйлесімділік (ЭМУ) – техникалық құралдың өзге техникалық құралдарға радиокедергілер жасамау және нақты пайдалану шарттарында өздеріне абайсызда келтірілген радиокедергілер әсер еткен кезде талап етілетін сапамен бір мезгілде қызмет ету қабілеті;

11) жилікті бірлесіп пайдалану – екі немесе одан да көп пайдаланушылардың жиіліктерді п а й д а л а н у ы ;

12) стационарлық радиоэлектрондық құрал – тұрақты географиялық координаталары бар Р Э Қ ;

13) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті;

14) радиожилік ресурсы (РЖР) – белгілі бір аумақта эфирде жұмыс істеуге арналған, Халықаралық электр байланысы одағының талаптарын қ а н а ғ а т т а н д ы р а т ы н және :

жиіліктердің диапазоны;
жиіліктердің қолданылатын спектрінің ені;

пайдаланылатын технологиялар, көрсетілген ресурсты пайдалануға рұқсат қолданысының уақыт кезеңі ескерілетін қолданыстағы және әлеуетті ықтимал жилік тағайындауларының жиынтығы;

15) ұйым – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің «Телекоммуникация саласындағы техникалық сүйемелдеу және талдау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік к ә с і п о р н ы .

3. Рұқсат құжаттарын рәсімдеу кезіндегі лауазымды адамдардың әрекеттеріне және әрекетсіздігіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көрсетілген тәртіп бойынша шағымдануға болады.

2. Жиілік белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру тәртібі

4. Радиожіілік спектрін пайдалануға рұқсат алу талап етілетін радиоэлектрондық құралдардың (бұдан әрі – РЭҚ) тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тізімде көрсетілген.

Телерадио хабарларын тарату мақсатында жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру тәртібі осы Қағидалардың 3-бөлімімен реттеледі.

5. Қазақстан Республикасының РЖС пайдалануға рұқсат немесе Қазақстан Республикасының туы астында жүзетін кемелер үшін радиожіілік спектрін пайдалануға кеме станциясының рұқсатын (бұдан әрі – кеме станциясының рұқсаты) алу үшін өтініш беруші радиожіілік ресурсы (бұдан әрі – РЖР) пайдаланылатын жердегі уәкілетті органның аумақтық органына (бұдан әрі – аумақтық орган) радиожіілік белдеулерін (номиналдарын) иелікке беруге өтінім (бұдан әрі – өтінім) қағаз және электрондық тасығышта немесе www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы электрондық түрде ұсынуға тиіс. Әр байланыс түрі үшін жеке өтінім беріледі.

Өтінім қағаз және электрондық тасығышта ұсынылған жағдайда, ұйым қызметкерлері өтінімді www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы аумақтық орган қызметкерінің ұсынуы үшін өңдейді. Уәкілетті орган, аумақтық орган мен Ұйым арасындағы кейінгі өзара іс-қимыл www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы жүзеге асырылады.

6. Өтінім мынадай құжаттардан тұрады:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі өтініш ;

2) сұралып отырған радиожііліктер белдеулерінің (номиналдың) негіздемесі келтірілетін түсіндірме жазба, онда жоспарланып отырған радиожелінің (радиотораптың) мақсаты мен сипаты, пайдаланылатын стандарттар мен хаттамалардың, пайдалануға жоспарланған РЭҚ ерекшеліктері, байланысты ұйымдастыру сызбасы егжей-тегжейлі баяндалады;

3) осы Қағидаларға 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тиісті радиобайланыс түріне белгіленген үлгідегі РЭҚ-қа арналып толтырылған сауалнама (кеме станциялары үшін осы Қағидаларға 12-қосымшасына сәйкес техникалық деректері толтырылған сауалнама ұсынылады).

7. Егер өтінім берілген белдеулер (номиналдар) радиожіілігі 1 ГГц-ке дейін болса, аумақтық орган радиожіілікті иелікке берудің қолда бар базасына сәйкес радиожіілік белдеулерін (номиналдарын) іріктейді және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық қорытынды дайындайды және

оны өтінімге қоса беріп, өтінім келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде
Ұйымға жолдайды.

Өтінім берілген радиожилік белдеулері (номиналдары) (барлық байланыс түрлері бойынша (WLL) сымсыз радиоға қолжетімділік желілерінен басқа) 1 ГГц-тен асатын болса, аумақтық орган өтінімді келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде (техникалық қорытындысыз) Ұйымға қарауға жолдайды.

Сымсыз радиоға қолжетімділік желілеріндегі (WLL) өтінім берілген белдеулер (номиналдар) 1 ГГц жоғары болса, аумақтық орган өтінім келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде оны уәкілетті органның қарауына жолдайды.

1 ГГц артық сымсыз радиоға қолжетімділік желілеріндегі (WLL) өтінім берілген белдеулерді (номиналдарды) уәкілетті орган өтінім келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде қарап, нәтижесі бойынша өтінімді Ұйымға жолдайды.

Өтінім түгел жинақталмаған не өтінім берілген радиожилік белдеулері (номиналдар) бос болмаған жағдайда аумақтық орган және (немесе) уәкілетті орган бас тартудың негізделген себептерін көрсетіп, өтінім келіп түскен кезден бастап екі жұмыс күні ішінде өтінім берушіні (өтінім қағаз тасығышта ұсынылған жағдайда) хабардар етеді.

Өтінімді қабылдаудан бас тарту өтінім берушіні тиісті ескертулерді түзеткеннен кейін қайтадан өтінім беру құқығынан айырмайды.

Ұйым аумақтық және (немесе) уәкілетті органнан өтінім келіп түскеннен кейін үш жұмыс күнінің ішінде РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ алдын ала есептеу рәсімін жүргізіп, оның нәтижесін аумақтық органға және (немесе) уәкілетті органға жібереді.

8. Алдын ала есептеу қорытындысы оң нәтиже берген жағдайда уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы әскери басқармасының орталық атқарушы органы – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен (бұдан әрі – Қорғаныс министрлігі) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі № 1379 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының радиоқызметтері арасында 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиіліктер диапазонындағы жиіліктер белдеулерін бөлу кестесіне (бұдан әрі – Ұлттық кесте) не Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының шешімдеріне сәйкес (бұдан әрі – мүдделі ведомстволар) РЖР келісу рәсімін жүргізеді;

2) кедергісіз жұмысты қамтамасыз ету мақсатында РЖР-тың шекаралас мемлекеттерімен халықаралық үйлестіру рәсімін жүргізеді. Бұл рәсімді жүргізудің қажеттілігі РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ алдын ала жүргізілген есептеу

нәтижелері бойынша айқындалады. Егер РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ есептеу кезінде Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аймақтарында орнату жоспарланып отырған РЭҚ және ЖЖҚ шекаралас мемлекеттің РЭҚ және ЖЖҚ кедергі келтіретіні анықталған болса, онда шекаралас мемлекеттер арасында жасалған келісімдерге және (немесе) Халықаралық электр байланысы одағының Радиобайланыс регламентіне сәйкес халықаралық үйлестіру жүргізу қажет.

9. РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ алдын ала есебінің қорытындысы теріс нәтиже берген жағдайда, сондай-ақ өтінімдегі техникалық деректердің толтырылуы дұрыс емес және (немесе) сенімсіз болған жағдайда аумақтық орган және (немесе) уәкілетті орган Ұйымнан хабарлама келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде өтінім берушіні бас тартудың себептерін негіздеп, (өтінім қағаз тасығышта ұсынылған жағдайда) хабардар етеді.

Өтінімді қабылдаудан бас тарту өтінім берушіні тиісті ескертулерді түзеткеннен кейін аумақтық органға және (немесе) уәкілетті органға қайтадан өтінім беру құқығынан айырмайды.

10. 8-тармақта көрсетілген рәсімдерді жүргізу қажет болмаған жағдайда, уәкілетті орган өтінім келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде Ұйымды Қағидалардың 48–53-тармақтарында баяндалған рәсімдерге сәйкес РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ сараптама қорытындысын қолданыстағы және жоспарланған, оның ішінде шекаралас мемлекеттердің РЭҚ және азаматтық мақсаттағы ЖЖҚ-мен (бұдан әрі – ЭМУ қорытындысы) рәсімдеу қажеттілігі туралы ескертеді.

11. Ұйымның ЭМУ қорытындысын рәсімдеу мерзімі Ұйым мен өтінім беруші арасында РЭҚ ЭМУ есебін жүргізу қызметін көрсету шартына қол қойылғаннан және ақысы төленгеннен кейін келісу рәсімінің оң нәтижесі туралы уәкілетті органнан хабарлама келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнінен аспайды. Ұйым ЭМУ қорытындысының түпнұсқасын өтінім берушіге береді немесе жолдайды, уәкілетті органға ЭМУ қорытындысын бергені туралы хабарлайды.

12. Келісу рәсімін жүргізу үшін уәкілетті орган Қорғаныс министрлігіне осы Қағидалардың 8-тармағының 1) тармақшасына сәйкес өтінім жібереді.

13. Сұрау салуды қарастыру мерзімі материалдар келіп түскен кезден бастап жиырма жұмыс күнінен аспайды. Егер өтінім берген радиожилік белдеулерін (номиналдарын) келісуге болмайтын болса, Қорғаныс министрлігі және (немесе) мүдделі ведомстволар уәкілетті органға негізделген бас тартуды жазбаша түрде ж о л д а й д ы .

14. Жиліктерді иелікке беру Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды, қорғанысты, қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету мүддесіне орай байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің басқа жиліктерге көшуіне байланысты залалдарын бір мезгілде өтей отырып өзгертілуі мүмкін. Бұл ретте

шығындарды жиіліктер берілетін пайдасына пайдаланушы өтейді.

15. Көрсетілген мерзім ішінде жазбаша жауап болмаған жағдайда, уәкілетті орган өтінімді қарау мерзімінің аяқталғаны туралы хабарлама жолдайды. Қорғаныс министрлігі және (немесе) мүдделі ведомстволар бес жұмыс күні ішінде хабарламаға жауап жолдауға міндетті.

16. Мыналарды :

1) Қазақстан Республикасының радиожиіліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының ұсынымдары негізінде уәкілетті орган беретін, бұрын Қорғаныс министрлігімен келісілген ;

2) Ұлттық кестеде «А3» санаты ретінде көрсетілген азаматтық пайдаланушылардың РЭҚХ басымды пайдаланылуы үшін арналған;

3) кеме станцияларын – Халықаралық электр байланысы одағының Радиобайланыс регламентімен бекітілген радиожиілік спектрін пайдалануға кеме станциясының рұқсаты ;

4) егер РЭҚ пен ЖЖҚ техникалық параметрлері мен орнатылған орны өзгермесе, бұрын келісілген радиожиілік белдеулерін (номиналдарын) келісу рәсімдерін жүргізу талап етілмейді.

17. Шекаралас мемлекеттермен жиілікті халықаралық үйлестіру рәсімін өткізу қажет болған кезде уәкілетті орган өтінім берушіні өтінімді қарау мерзімінің ұзартылатыны туралы (өтінім қағаз тасығышта ұсынылған жағдайда) хабардар етеді .

Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аймақтарында радиожиіліктер белдеуін (номиналдарды) халықаралық үйлестіру рәсімін жүргізуді уәкілетті орган шекаралас мемлекеттер арасында жасалған келісімдерге және (немесе) 1988 жылғы 9 желтоқсандағы (Мельбурн қаласы) Халықаралық электр байланысы одағының Радиобайланыс регламентіне сәйкес жүзеге асырады. Бұл ретте өтінімді қарау мерзімі төрт айдан аспайды.

18. Радиожиілік белдеулерін (номиналдарын) келісу және (немесе) халықаралық үйлестіру рәсімдерін жүргізгеннен кейін уәкілетті орган:

1) нәтиже оң болған жағдайда келісу және (немесе) халықаралық үйлестіру рәсімдерін жүргізу нәтижесі бойынша хабарлама алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде Ұйымға өтінім берілген радиожиілік белдеулеріне (номиналдарына) ЭМУ қорытындысын ресімдеу үшін хабарлама жолдайды. ЭМУ қорытындысы осы Қағидалардың 11-тармағында сипатталған рәсімге сәйкес ресімделеді;

2) келісу және (немесе) халықаралық үйлестіру рәсімдерінің нәтижелері теріс болған кезде уәкілетті орган РЖР тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Бұл жағдайда уәкілетті орган аумақтық органға, Ұйымға және өтінім берушіге бұл туралы (өтінім қағаз тасығышта ұсынылған жағдайда) хабарлайды .

19. Уәкілетті орган ЭМУ қорытындысының берілгені туралы хабарлама алғаннан кейін ЭМУ қорытындысының көшірмесі келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес РЖС пайдалануға рұқсатты ресімдеп, осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес кодтар береді.

РЖС пайдалануға құқықты конкурстық негізде алған жағдайда байланыс операторына аумақты елді мекендерді байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттеме жүкетеледі, бұл ретте РЖС пайдалануға рұқсат осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

20. Кесімделген РЖС пайдалануға рұқсатты немесе РЖС пайдалануға кеме станциясының рұқсатын (түпнұсқасын) уәкілетті орган www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы қол қойылған күні РЖС пайдаланылатын жердегі аумақтық органға жолдайды.

21. РЖС пайдалануға рұқсатты уәкілетті орган келесі күнтізбелік жылдың 25 наурызына дейінгі мерзімге береді.

22. РЖС пайдалану үшін берілген рұқсатты тиісті аумақтық орган жыл сайын, өтініш беруші РЖС пайдалануға мемлекеттік бюджетке жылдық төлемінің бірінші бөлігін төлегенін растайтын құжатты ұсынғаннан кейін келесі күнтізбелік жылдың 25 наурызына дейінгі мерзімін көрсетіп ұзартады. Ұзарту туралы жазба аумақтық орган бастығының қолымен және мөрімен расталады. Егер РЖС пайдалануға рұқсат электронды түрде (www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы) ресімделген болса, ол аумақтық орган бастығының электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады. РЖС пайдалануға рұқсатты ұзартудан:

1) радиожилік спектрін үш тоқсан пайдаланғаны үшін төлемақы мемлекеттік бюджетке дер кезінде төленбеген жағдайда;

2) аумақтық орган жүргізетін радиожилік спектрі мониторингінің нәтижелерімен расталатын радиожилік белдеулерін (номиналдарын) жыл бойы пайдаланбаған, сондай-ақ белгіленген уақытта аумақтық органда радиожилік белдеулерінде (номиналдарында) жұмыс істейтін РЭҚ және ЖЖҚ, пайдалануға енгізудің актісі болмаған жағдайда;

3) осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес Қорғаныс министрлігі жиліктерді иелікке беруді өзгерту жөнінде шешім қабылдаған жағдайда бас тартылады.

23. РЖС пайдалануға рұқсатты немесе РЖС пайдалануға кеме станциясының рұқсатын алған аумақтық орган оларды алған сәттен бастап үш күндік мерзімде тіркейді, өтініш берушіге хабарлайды, сондай-ақ РЖС пайдалануға төлем сомасын көрсетіп (жылдың қалған мерзіміне) белгіленген үлгідегі РЖС пайдалануға мемлекеттік бюджетке төлемақы төлеуге хабарлама жазады және табыстайды. РЖС пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке төлемақы төлеу өтініш берушінің тіркелген орны бойынша жүргізіледі.

24. Егер өтініш беруші өтінімді қағаз тасығышта ұсынған болса, www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы ресімделген РЖС пайдалануға рұқсат иесіне немесе өтініш берушіге (не РЖС рұқсатын алу құқығына сенімхат бойынша оның өкіліне) және ұсынылған хабарламаға сәйкес РЖС пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке төлемақы төленгенін растайтын құжатты ұсынғаннан кейін беріледі.

РЖС пайдалануға қол қойылған рұқсат және РЖС пайдалануға кеме станциясының рұқсаты www.elicense.kz интернет-ресурсына келіп түскеннен кейін өтініш беруші аумақтық органнан мемлекеттік бюджетке төлемақы төлеуге хабарлама алады және ұсынылған хабарламаға сәйкес РЖС пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке төлемақы төленгенін растайтын құжатты ұсынады.

25. Көрмелер, спорттық жарыстар, ғылыми-зерттеу және эксперименталдық жұмыстарды, сондай-ақ алты айға дейінгі мерзімге өзге де іс-шараларды өткізу кезеңіне уәкілетті орган азаматтық мақсаттағы РЖС үшін радиожиліктер белдеулерін (номиналдарын) келісу рәсімдерін жұмыс тәртібімен, кейіннен құжаттамалық растау арқылы жедел жүзеге асырады. Мұндай жағдайда уәкілетті орган осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес өтініш беруші көрсеткен мерзімге РЖС пайдалануға уақытша рұқсат береді.

26. Радиожиліктер белдеулерін (номиналдарды) бірлесіп пайдалануға тек РЖР-дің негізгі пайдаланушысының жазбаша келісімімен және өндірістік мақсатта ғана пайдалану үшін рұқсат етіледі. РЖР әрбір пайдаланушыға РЖС-ін пайдалануға жеке рұқсат ресімделеді.

27. РЖС-ін бірлесіп пайдаланған жағдайда мемлекеттік бюджетке төлемақы төлеуді әрбір пайдаланушы тең шарттарда жеке жүргізеді. РЖС пайдалануға рұқсатты бірінші алған пайдаланушы негізгі пайдаланушы болып саналады.

28. Егер РЭҚ және ЖЖҚ техникалық параметрлері мен тағайындалуы өзгермеген болса, мынадай жағдайларда келісу рәсімін өткізбей, РЖС пайдалануға рұқсат қайта ресімделеді:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы өзгерген;

2) егер заңды тұлға қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мұрагері болып табылған;

3) РЖС пайдалану рұқсат лицензияның ажырамас бөлігі болып табылатын байланыс саласындағы қызметке лицензия алған (және/немесе қайта ресімдеген);

4) РЖС пайдалану үшін ұзарту жолдары аяқталған болса (егер РЖС-ін пайдалануға рұқсат алдында қағаз түрінде алынған жағдайда).

29. Қалған жағдайларда РЖС пайдалануға рұқсат қайта ресімделмейді және РЖС пайдалануға рұқсат алу рәсімі қайтадан өткізілуі тиіс.

30. РЖС пайдалануға рұқсатты қайта ресімдеу, оның күшін жою және

телнұсқасын алу үшін өтінім беруші аумақтық органға қажетті құжаттарды қағаз және электрондық тасығышта немесе www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы электрондық түрде ұсынады.

Өтінім қағаз және электрондық тасығышта ұсынылған жағдайда, Ұйым қызметкерлері өтінімді www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы аумақтық орган қызметкері ұсынуы үшін өңдейді. Уәкілетті орган, аумақтық орган мен Ұйым арасындағы кейінгі өзара іс-қимыл www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы жүзеге асырылады.

Құжаттарды алған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде аумақтық орган оларды одан әрі РЖС пайдалануға рұқсатты қайта ресімдеу, күшін жою немесе телнұсқасын алу үшін уәкілетті органға жолдайды.

Уәкілетті орган аумақтық органнан өтінім келіп түскен кезден бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде РЖС пайдалануға рұқсатты қайта ресімдейді, күшін жояды және телнұсқасын береді.

31. РЖС пайдалануға рұқсатты қайта ресімдеу үшін өтініш беруші мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) өтініш;
- 2) түсіндірме жазба;
- 3) РЖС пайдалануға рұқсаттың түпнұсқасы. РЖС пайдалануға рұқсат электрондық түрде (www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы) алынған болса, аталған құжаттың қажеті жоқ;
- 4) ЭМҮ қорытындысының көшірмесі. РЖС пайдалануға рұқсат электрондық түрде (www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы) алынған болса, аталған құжаттың қажеті жоқ;
- 5) РЖС пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке төлемақы төленгенін растайтын құжат;
- 6) заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда, құқықтық мұрагерлікті растайтын құжат.

32. РЖС пайдалануға рұқсат жоғалған жағдайда, оның телнұсқасы беріледі, бұл ретте өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш;
- 2) РЖС пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке төлемақы төленгенін растайтын құжат.

33. Пайдаланушы РЖС пайдаланудан бас тартқан жағдайда, РЖС пайдаланушы аумақтық органға РЖС пайдалануға рұқсаттың күшін жою үшін мынадай құжаттарды қағаз және электрондық тасығышта немесе www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы электрондық түрде ұсынады:

- 1) бас тарту себептері көрсетілген өтініш;
- 2) РЖС пайдалануға рұқсаттың түпнұсқасы. РЖС пайдалануға рұқсат

электронды түрде (www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы) алынған болса, аталған құжаттың қажеті жоқ;

3) күшін жойған кезге дейін РЖС пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке төлемақы төленгенін растайтын құжат;

4) РЭҚ пайдалану құқығына рұқсат бар болған жағдайда демонтаждау актісі.

Өтінім қағаз және электрондық тасығышта ұсынылған жағдайда, Ұйым қызметкерлері өтінімді кейіннен www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы аумақтық орган ұсынуы үшін өңдейді. Уәкілетті орган, аумақтық орган мен Ұйым арасындағы кейінгі өзара іс-қимыл www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы жүзеге асырылады.

34. РЖС пайдалануға рұқсат мынадай жағдайларда күшін жою үшін алынады:

1) радиожилік спектрі пайдаланылған үш тоқсан үшін мемлекеттік бюджетке төлем уақтылы төленбеген жағдайда;

2) аумақтық орган жүргізетін радиожилік спектрі мониторингінің нәтижелерімен расталатын радиожилік белдеулерін (номиналдарын) жыл бойы пайдаланбаған, сондай-ақ белгіленген уақытта аумақтық органда радиожилік белдеулерінде (номиналдарында) жұмыс істейтін РЭҚ және ЖЖҚ, пайдалануға енгізу актісі болмаған жағдайда;

3) РЖС пайдалануға рұқсат берілген күнінен бастап үш ай ішінде өтініш беруші РЖС пайдалануға рұқсатты талап етпеген жағдайда.

35. РЖР пайдаланушының өзіне бекітілген радиожилік белдеулерін (номиналдарын) уақытша немесе тұрақты пайдалануға басқа пайдаланушыларға беруіне тыйым салынады.

36. Пайдаланудан бас тартылған және күші жойылған жиліктерді қайтадан иелікке беруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Телерадио хабарларын тарату мақсатында жиліктер белдеулерін, радиожиліктерді (радиожилік арналарын) иелікке беру тәртібі

37. Телевизиялық немесе радио хабарларын тарату ұйымдары (бұдан әрі – өтініш беруші) телерадио тарату мақсатында жиліктер белдеулерін, радиожиліктерді (радиожилік арналарын) иелікке беру бойынша өткізілетін конкурс нәтижелері бойынша айқындалатын телевизия және (немесе) радиохабар тарату құқығын алғаннан кейін РЖС пайдалану орны бойынша аумақтық органға РЖС пайдалануға рұқсат ресімдеу үшін өтінімді (бұдан әрі – өтінім) қағаз және электрондық тасығышта немесе www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы электрондық түрде ұсынады.

Өтінім қағаз және электрондық тасығышта ұсынылған жағдайда, Ұйым қызметкерлері өтінімді www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы аумақтық орган ұсынуы үшін өңдейді. Уәкілетті орган, аумақтық орган және Ұйым арасындағы кейінгі өзара іс-қимыл www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы жүзеге асырылады.

38. Өтінім мынадай құжаттардан тұрады:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі өтініш ;

2) сұралып отырған жиіліктер белдеулерінің негіздемесі келтірілетін, жоспарланып отырған радиожелінің (радиотораптың) мақсаты мен сипаты, пайдалануға жоспарланған РЭҚ техникалық көрсеткіштері, байланысты ұйымдастыру сызбасы бар егжей-тегжейлі баяндалатын түсіндірме жазбахат;

3) осы Қағидаларға 8 және/немесе 9-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тиісті тарату түріне белгіленген үлгідегі РЭҚ-қа арналып толтырылған сауалнама .

39. Өтінішті аумақтық орган оны тіркеген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарастырады және уәкілетті органға жолдайды.

Өтініш толық жинақталғанда, аумақтық орган бас тартудың негізделген себептерін көрсетіп, өтініш берушіге өтініш келіп түскен сәтінен бастап екі жұмыс күнінің ішінде (өтініш беруші өтінімді қағаз тасығышта ұсынған жағдайда) хабарлайды .

Өтінішті қайтадан ұсынған жағдайда, оны қарастыру мерзімі жаңартылады.

40. Уәкілетті орган өтініш тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарастырады және ЭМҮ қорытындысын алу үшін Ұйымға жолданады.

41. ЭМҮ қорытындысын Ұйыммен ресімдеу мерзімі РЭҚ ЭМҮ шартына қол қою және ақысын төлеу мерзімін есепке алмағанда, он жұмыс күнінен аспайды. Ұйым ЭМҮ қорытындысының түпнұсқасын өтініш берушіге береді немесе жолдайды, сондай-ақ уәкілетті органға ЭМҮ қорытындысын бергені туралы хабарлайды .

42. Уәкілетті орган ЭМҮ қорытындысын алғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін жиіліктер белдеулерін, радиожеліліктерді (радиожелілік арналарын) иелікке беруді жүзеге асырады және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес өтінім келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде РЖС пайдалануға сәйкес рұқсатты ресімдейді .

43. Жиілік номиналдары және/немесе РЭҚ техникалық параметрлері өзгерген жағдайда байланыс саласындағы уәкілетті орган:

1) Қорғаныс министрлігімен РЖС келісу рәсімін жүргізеді;

2) кедергісіз жұмысты қамтамасыз ету мақсатында РЖС-тың шекаралас мемлекеттермен халықаралық үйлестіру рәсімін жүргізеді, оны жүргізудің

қажеттілігі РЭҚ ЭМУ алдын ала жүргізілген есептеу бойынша айқындалады.

РЖС-тың шекаралас мемлекеттермен халықаралық үйлестіруді жүргізген кезде уәкілетті орган өтініш білдірушіге өтінішті қарастыру мерзімі ұзартылғаны туралы алдын ала хабарлама (өтініш беруші өтінімді қағаз тасығышта ұсынған жағдайда) жібереді.

РЖС-ты Қорғаныс министрлігімен келісу және РЖС-ты шекаралас мемлекеттермен халықаралық үйлестіруді жүргізу қорытындылары бойынша уәкілетті орган РЖС пайдалануға рұқсатты ресімдейді. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер бойынша уәкілетті орган РЖС пайдалануға рұқсат беруден бас тартады.

44. РЖС пайдалану үшін ресімделген рұқсатты уәкілетті орган РЖС пайдалану орны бойынша аумақтық органға www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы қол қойылған күні жолдайды.

45. Егер өтініш беруші өтінімді қағаз тасығышта ұсынған болса, www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы ресімделген РЖС пайдалануға рұқсат иесіне не өтінім берушіге (немесе сенімхат бойынша өкіліне), сондай-ақ ол РЖС рұқсат алу құқығына Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес РЖС пайдалану рұқсатын алу үшін алым немесе РЖС пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке төленген төлемді растайтын құжатты ұсынғаннан кейін беріледі.

Егер, РЖС пайдалану үшін рұқсат электрондық түрде (www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы) ресімделген жағдайда, өтініш беруші аумақтық органнан мемлекеттік бюджетке төленетін төлем хабарламасын алып, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес РЖС пайдалану рұқсатын алу үшін алым немесе РЖС пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке төленген төлемді растайтын құжатты ұсынады.

46. РЖС пайдалану үшін рұқсат келесі күнтізбелік жылдың 25 наурызына дейінгі мерзімге беріледі.

47. РЖС пайдалану үшін берілген рұқсат РЖС пайдалану орны бойынша тиісті аумақтық бөлімшеде өтініш беруші РЖС пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке жылдық төлемінің бірінші бөлігін төлегендігін растайтын құжатты ұсынғаннан кейін келесі күнтізбелік жылдың 25 наурызына дейінгі мерзімі көрсетіліп ұзартылады. РЖС пайдалануға рұқсат аумақтық бөлімше бастығының қолымен және мөрімен расталады. Егер РЭҚ пайдалануға рұқсат электронды түрде (www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы) ресімделген болса, ол аумақтық орган бастығының электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады.

48. РЖС пайдалану үшін рұқсат келісу рәсімін жүргізбей, егер РЭҚ техникалық параметрлері өзгермесе, мынадай жағдайларда қайта ресімделеді:

1) жеке тұлғаның аты, тегі, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы өзгергенде;

2) егер заңды тұлға қайта құрылған заңды тұлғаның құқықтық мұрагері болса;
3) РЖС пайдалану үшін рұқсат лицензияның ажырамас бөлігі болып табылатындықтан, телерадио хабар тарату саласында қызмет көрсету лицензия қ а й т а р ә с і м д е л с е ;

4) РЖС пайдалану үшін рұқсатта мерзімді ұзартудың барлық жолдары т о л т ы р ы л ғ а н б о л с а .

Пайдаланушы РЖС пайдаланудан бас тартқан жағдайда, РЖС пайдаланушы аумақтық органға РЖС пайдалануға рұқсаттың күшін жою үшін мынадай құжаттарды қағаз және электрондық тасығышта немесе www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы электрондық түрде ұсынады:

1) бас тарту себептері көрсетілген өтініш;
2) РЖС пайдалануға рұқсаттың түпнұсқасы. РЖС пайдалануға рұқсат электронды түрде (www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы) алынған болса, көрсетілген құжаттың қажеті жоқ;

3) күшін жойған кезге дейін РЖС пайдалану рұқсатын алу үшін алым немесе РЖС пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке төленген төлемді растайтын құжат;

4) РЭҚ пайдалану құқығына рұқсат бар болған жағдайда бөлшектеу актісі.

49. РЖС пайдалану үшін рұқсат жоғалған, бүлінген немесе жойылған жағдайда, өтініш беруші тиісті аумақтық органға телнұсқа беруге жазбаша өтініш береді. РЖС пайдалану үшін рұқсаттың телнұсқасын «телнұсқа» деген белгімен уәкілетті орган береді.

50. Қызметін аналогтық сигнал арқылы жүргізетін телевизиялық және радио хабар тарату ұйымдары бұрын берілген РЖС пайдалану үшін рұқсатты қайта ресімдегенде бұрын алынған рұқсаттың (телнұсқасын) алған кезде Қазақстан Республикасы Салық кодексіне сәйкес телевизиялық және радио хабар тарату ұйымдарына РЖС пайдалану рұқсатын алу үшін алымды немесе РЖС пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке төлемді төлейді.

51. Қызметін цифрлық эфирлі телерадиохабар тарату арқылы жүргізетін телевизиялық және радио хабар тарату ұйымдары Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес РЖС пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке төлем т ө л е й д і .

52. РЖС пайдалануға рұқсатты алғаннан кейін өтініш беруші осы Қағидалардың 53–63-тармақтарында баяндалған рәсімге сәйкес РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануға рұқсат алуы қажет.

4. Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану

53. РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануға рұқсат алу үшін өтінім беруші тиісті аумақтық органға (РЭҚ және ЖЖҚ пайдалану орны бойынша) РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануға өтінімді (теңіз кемелеріне орнатылған теңіз РЭҚ-тан немесе ЖЖҚ-дан басқа) қағаз және электрондық тасығышта немесе www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы электрондық түрде ұсынуы тиіс. Өтінім қағаз және электрондық тасығышта ұсынылған жағдайда, Ұйым қызметкерлері өтінімді кейіннен www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы аумақтық орган ұсынуы ү ш і н ө н д е й д і .

РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануға рұқсат алуға осы Қағидаларға 18-қосымшада көрсетілген тізбеге сәйкес РЭҚ және ЖЖҚ жатады. РЭҚ және ЖЖҚ-ны пайдалануға РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануға рұқсатсыз тыйым салынады.

27 МГц диапазонындағы РЭҚ пен қуаты екі ватқа дейінгі шағын қуатты РЭҚ-ты такси қызметі мен коммерциялық мақсатта пайдалануға жол берілмейді.

Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
2) осы Қағидаларға 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша радиобайланыстың тиісті түріне белгіленген үлгідегі РЭҚ-қа, осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖЖҚ-ға сауалнама;

3) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органымен келісілген РЭҚ санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының көшірмесі (егер РЭҚ-қа санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды ресімдеу көзделген б о л с а) ;

4) РЖС пайдалануға рұқсаттың көшірмесі (егер РЖС пайдалануға рұқсатты ресімдеу көзделген жағдайда). РЖС пайдалану үшін рұқсат электронды түрде (www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы) алынған болса, көрсетілген құжатты ұ с ы н у т а л а п е т і л м е й д і ;

5) құрылғыны әкелу кезінде Қазақстан Республикасының РЭҚ және ЖЖҚ сәйкестігі туралы берілген сертификат көшірмесі;

6) ЭМҮ қорытындысының көшірмесі (егер ЭМҮ қорытындысын алу көзделген жағдайда). РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануға рұқсат www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы электронды түрде алынған болса, көрсетілген құжат т а л а п е т і л м е й д і .

Аумақтық орган РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануға рұқсат алу үшін берілген өтінімді ресімдеудің дұрыстығын тексереді.

Өтінім дұрыс ресімделмеген жағдайда, аумақтық орган өтінім келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде жазбаша түрде өтінімді одан әрі қарай қараудан дәлелді бас тарту ұсынады.

54. РЭҚ пайдалануға рұқсат алу үшін өтінім қабылданған жағдайда, тиісті аумақтық орган өтінім берушімен бірге он күндік мерзімде оның өтініші

негізінде РЭҚ қабылдау жүргізеді. Қабылдау нәтижесі бойынша осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш жұмыс күні ішінде пайдалануға енгізу т у р а л ы а к т ж а с а л а д ы .

55. Тараптар РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануға енгізу актісіне қол қойғаннан кейін аумақтық орган үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 23, 24-қосымшаларға сәйкес үлгі бойынша РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануға рұқсат дайындайды.

РЭҚ және ЖЖҚ пайдалану үшін рұқсат келесі күнтізбелік жылдың 25 наурызына дейінгі мерзімге беріледі.

56. ЖЖҚ пайдалануға рұқсат алу үшін осы Қағидалардың 53-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес ЖЖҚ сауалнама-рұқсаттың « Уәкілетті органның аумақтық органының рұқсаты» деген IV тарауы толтырылған жағдайда, аумақтық орган бастығының қолы және мөрі қойылады. Егер сауалнама-рұқсат электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат форматында (www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы) ресімделген болса, ол аумақтық орган бастығының электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады.

